**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ**
**«ТАЛДЫҚОРҒАН АГРО-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**

**ХАТТАМА** **ПРОТОКОЛ**

2021 жылғы «12» наурыз

Индустриялық кеңестің отырысы

**Қатысқандар:**

1. Аркабаев Бакыт Ергазинович - «Koksu S&M Company» ЖШС директоры

2. Джахвалиева Софья Иксановна- «Хакимова» ЖК технологы, Талдықорған қаласы.

3. Жуманбаев Абдугали Рахметбайұлы- колледж директорының м.а.

4. Ержигитова Майра Топанбаевна- директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.

5. Балтабаева Меруерт Боранбайқызы- колледж әдіскері.

**Шақырылғандар:**

Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бекмурзина Салтанат Кадыровна

Колледж кадр бөлімінің меңгерушісі Керимкулова Индира Абдулахатовна

**Күн тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №566 бұйрығымен танысу.
2. Индустриялық кеңестің құрамын қарау. Индустриялық кеңестің төрағасын сайлау.
3. Индустриялық кеңестің ережесін қарау, бекіту.

**Бірінші сұрақ бойынша ТЫҢДАЛДЫ:**

А.Р. Жуманбаев колледж басшысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №566 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды.

Шешім:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным негізінде колледжде индустриялық кеңес құрылсын.

**Екінші мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша колледж басшысы А.Р. Жуманбаев қатысушыларды «Талдықорған агро-техникалық колледжі»МКҚК индустриялық кеңесі мүшелерінің жаңа құрамымен таныстырды.

Колледжде индустриялық кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №566 бұйрығы негізінде:

1. Колледждің интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, колледжде сараптамалық және техникалық көмек көрсету бойынша индустриялық кеңес құрылсын.

2. Индустриялық кеңестің құрамы:

Аркабаев Бакыт Ергазинович - «Koksu S&M Company» ЖШС директоры

Индустиялық кеңестің төрағасының орынбасары:

Джахвалиева Софья Иксановна- «Хакимова» ЖК технологы, Талдықорған қаласы.

Жуманбаев Абдугали Рахметбайұлы- колледж директорының у.м.а.

Ержигитова Майра Топанбаевна- директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.

Балтабаева Меруерт Боранбайқызы- колледж әдіскері.

3. Накты кәсіби саламен байланысты білімі мен тәжірибесі бар тиісті кәсіпорындардың мамандары және колледж қызметкерлерінен білім беру бағдарламалары бойынша кеңес беретін комитеттер құрылсын.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІЛЕР: Колледждің индустриялық кеңесінің мүшелері М.Б.Балтабаева және М.Т.Ержигитовадан Аркабаев Бакыт Ергазиновичты колледждің Индустриялық кеңесінің төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс түсті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне осы кандидатураға ашық дауыс беру ұсынылды. Дауыс беру қорытындысы: «Қарсылық білдірмегендер» - 5 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» - 0.

Шешім:

1. Индустиялық кеңес құрамы бекітілсін.
2. Индустиялық кеңестің төрағасы болып Аркабаев Бакыт Ергазинович сайлансын, Ержигитова Майра Топанбаевна индустриялық кеңестің хатшысы болып сайлансын.
3. Әр мамандық бойынша индустриялық кеңес комитеттері құрылсын.

**Үшінші мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ:**

ИК төрағасы

## ИНДУСТРИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**Индустриялық кеңестің міндеттері:**

- интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; қазіргі заманғы білім беру бағдарламаларын, инновациялық жабдықтарды жасау және енгізу;

-педагог кадрлардың зияткерлік әлеуетінің сапасын арттыру; оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сатып алу;

-студенттердің академиялық ұтқырлығы бағдарламасын енгізу;

-колледж имиджін ілгерілету болып табылады.

**1.Жалпы ережелер**

1.1 Индустриялық кеңес колледжде мамандар даярлауды жүзеге асыруда сараптамалық және техникалық көмек көрсету үшін құрылады

1.2 Индустриялық кеңес әкімшілікпен және инженерлік-
колледждің педагогикалық ұжымымен өзара әрекет жасайды;

1.3 Индустриялық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие және колледж әкімшілігінің қарауы үшін міндетті.

2. Индустриялық кеңестің құрамы

2.1. Индустриялық кеңестің мүшелері өздерінің тұрақты жұмыс орындарын сақтайды және индустриялық кеңесте қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады.
2.2. Индустриялық кеңес төрағадан, төрағаның орынбасарынан, 3-4 мүшеден және хатшылықтан (дауыс беру құқығынсыз) тұрады. Төраға мен төрағаның орынбасары индустриялық кеңестің бірінші отырысында оның мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы тағайындалады.
Бұл шешім индустриялық кеңестің бірінші отырысының хаттамасында көрсетіледі;
2.3 Индустриялық кеңестің хатшылығын колледж әкімшілігі инженерлік-педагогикалық ұжым мүшелерінен тағайындайды және дауыс беру құқығы жоқ. Хатшылықтың функцияларына мыналар жатады:
- индустриялық кеңес отырыстарының кестесін әзірлеу;
- индустриялық кеңестің кезекті отырыстарын ұйымдастыру;
- индустриялық кеңес жұмысының қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету; индустриялық кеңес отырысының бағдарламасын дайындау және оны төрағамен келісу;
- индустриялық кеңес отырыстарының хаттамаларын жасау және оның мүшелерінің қол қоюы;
- индустриялық кеңестің қызметіне байланысты басқа да міндеттер.

2.4 Индустриалды кеңестің мүшелері колледждің әлеуметтік серіктесі кәсіпорнының әкімшілік және техникалық құрамының қызметкерлері болуы тиіс.
2.5 Әлеуметтік әріптестің әкімшілік құрамының өкілі осы ұйымда кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс және оның ұйымдағы қызметі ұйымның негізгі қызметімен тікелей байланысты болуы тиіс.

**3.Индустриялық кеңестің жұмыс істеуі**

3.1. Индустриялық кеңестің бірінші отырысында индустриялық кеңес отырыстарының кестесі бекітіледі. Индустриялық кеңес тоқсанына кемінде 1 рет отырыс өткізеді.
3.2. Индустриялық кеңес индустриялық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 – сінің қатысуымен және индустриялық кеңестің келесі мүшелерінің ең болмағанда біреуі - Төрағаның немесе төраға орынбасарының қатысуымен отырыс өткізеді. Индустриялық кеңестің төрағасы кезекті отырыстарға, ал ол болмаған жағдайда – төрағаның орынбасарына басшылық етеді.
3.3. Индустриялық кеңестің әрбір шешімі оның мүшелерінің ашық дауыс беруімен шығарылады. Егер дауыс беру үрдісінде дауыстардың тең саны анықталса, онда индустриялық кеңестің төрағасы немесе төраға болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданады.

**4.Индустриялық кеңес қызметінің мақсаттары**

4.1 Индустриялық кеңес мынадай жұмысты орындайды:
- мамандарды даярлау мәселелеріне қатысты консультациялық және сараптамалық көмек көрсетеді;
- Оқу жоспарларының іске асырылуына мониторинг және бағалау жүргізеді;

• Оқу орны қызметінің көрсеткіштерін жақсарту бойынша ұсынымдар шығарады (өндірістік және оқу практикаларының мазмұны мен өткізілуі, арнайы пәндерді оқыту мәселелерінде);
• Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіру және түпкілікті мақұлдау бойынша ұсынымдарды қарайды және әзірлейді;
• Оқу жабдықтарын сатып алуға арналған техникалық ерекшеліктер мен техникалық тапсырмаларды қарайды және мақұлдайды;
• Оқу орнының өңірдің ірі кәсіпорындарымен, өңірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара қарым-қатынасын дамытуға жәрдемдесуді қамтамасыз етеді;
• Бітірушілерді қорытынды аттестаттау бойынша жұмысқа қатысады;
• Колледж әкімшілігімен келісім бойынша басқа да қызмет.

Шешім:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Индустриялық кеңес ережесі бекітілсін.

**Индустриялық кеңес мүшелері:**

1. Аркабаев Бакыт Ергазинович
2. Джахвалиева Софья Иксановна
3. Жуманбаев Абдугали Рахметбайұлы
4. Ержигитова Майра Топанбаевна
5. Балтабаева Меруерт Боранбайқызы